

## Хаттама № 4

Қамқоршылық кеңесінің отырысы  
Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған  
№30 мектеп-гимназиясы

**Өткізілген уақыты:** 24.12.2021 жыл  
**Өткізілген орны:** Директор кабинеті  
**Отырыстың басталуы:** 17.00 сағ.  
**Отырыстың аяқталуы:** 17.50 сағ.  
**Отырыстың төрайымы:** Тлеубаева Г.  
**Қатысқандар:** кеңес мүшелері  
**Қатыспағандар:** Жоқ

### Күн тәртібі:

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларға дайындық
2. Азқамтылған отбасы балаларына сыйлықтар ұйымдастыру

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Макашев сөйледі. Өз сөзінде жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларға дайындық, қажетті құрал-жабдықтардың болуы туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтардың, демеушілер көмегінің берілуі туралы пікірін білдірді.

### Қаулы:

Жаңа жыл мерекесінің өткізілуі, азқамтылған оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтардың берілуі жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы:

Тлеубаева Г.

Хатшы:

Абатова Э.М.

### Хаттама № 3

Қамқоршылық кеңесінің отырысы  
Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған  
№30 мектеп-гимназиясы

**Өткізілген уақыты:** 07.09.2021 жыл  
**Өткізілген орны:** Директор кабинеті  
**Отырыстың басталуы:** 12.00 сағ.  
**Отырыстың аяқталуы:** 12.50 сағ.  
**Отырыстың төрағасы:** Макашев Ж.  
**Қатысқандар:** Кеңес мүшелері  
**Қатыспағандар:** Жоқ

#### Күн тәртібі:

1. Мектеп-гимназияның жұмысымен, базасымен таныстыру.
2. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу
3. Қамқоршылық кеңесінің нұсқаулықтарымен және жұмыс жоспарымен танысу.

#### Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Г.С. Ескайырова тыңдадық. Мектебімізде 2154 оқушы тәлім алып жатыр. Сыныптар екінші сыныптан жоғары гимназия, жәй сынып болып бөлінеді. Мектебіміздің оқу-техникалық базасы жоғары деңгейде. Барлық кабинеттер компьютермен жабдықталған. Жартысында интерактивтік тақта орнатылған. Мектеп асханасы барлық талаптарға сай.

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшелерінің міндеттері жайында айтылды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Макашев Жандос тағайындалды, кеңес мүшелеріне мектептің әр сыныбынан 8 ата-ана бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. Жұмыс жоспары қыркүйек айынан мамыр айына дейін жасақталған. Жоспарға әлеуметтік көмек, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, құқықбұзушылықты алдын-алу, жазғы демалысты ұйымдастыру енгізілген.

2021-2022 оқу жылы әр түрлі бағыттары бойынша мектептің дамуы жөнінде мектеп директоры сөз алды. Мектептің даму барысы қаншалықты іске асқаны туралы айтты, келешекке болжау жасады.

#### Қаулы:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары іске асырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп өміріне белсене атсалыссын.

Кеңес төрағасы:



Макашев Ж.

Хатшы:



Мажекова А



## Хаттама № 2

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған №30 мектеп-гимназиясы

**Өткізілген уақыты:** 12.03.2021 жыл

**Отырыстың басталуы:** 17.00 сағ.

**Отырыстың аяқталуы:** 17.50 сағ.

**Қатысқандар:** кеңес мүшелері

### Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған отбасыларына әлеуметтік көмек
2. Ыстық тамақпен қамту
3. Мектеп формасы

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді жалпылама түрде Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Макашев отырысқа қатыстырушыларды таныстырды.

1. Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы А.Дайырова аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім, жетім отбасына жататын оқушыларға әлеуметтік көмек қамтамасыз етіліп отырғаны және «Мектепке жол» акциясы жалғасатындығы туралы айтты.
2. Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Е.Унашева мектептен бір мезгіл берілетін ыстық тамақпен 1-4 сынып оқушылары түгел, 5-11 арасындағы әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар қамтамасыз етілетіндігі, ыстық тамақтың сапасы туралы айтып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Н.Тукенов Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды таныстырды. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайтындығын, мектеп формасы климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады, келесі қойылатын талап жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынатындығын айтып өтті.

### Қаулы

1. Мектеп жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесі аз қамтылған отбасыларына әлеуметтік көмек беру бойынша жұмысы жандандырылып, атқарылған жұмыстар жүйелі жоспарлансын.
2. Ыстық тамақпен қамту үнемі назарда болсын
3. Мектеп формасы талапқа сай болуы қадағалансын.

Кеңес төрағасы:



Макашев Ж.

Хатшы:



Мажекова А. М

## Хаттама № 1

Қамқоршылық кеңестің отырысы  
Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған  
№30 мектеп-гимназиясы

**Өткізілген уақыты:** 15.01.2021 жыл  
**Өткізілген орны:** Директор кабинеті  
**Отырыстың басталуы:** 17.00 сағ.  
**Отырыстың аяқталуы:** 17.50 сағ.  
**Отырыстың төрағасы:** Макашев Ж.  
**Қатысқандар:** кеңес мүшелері  
**Қатыспағандар:** Жоқ

### Күн тәртібі:

1. Мұқтаж балаларға көмек көрсету.
2. Оқушылардың түрлі сайысқа қатысуына демеушілік жасау

### Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Қамқоршы кеңестің төрағасы Ж.Макашев сөйледі. Материалдық көмекке мұқтаж, азқамтылған, жетім, жартылай жетім балаларды тізіміне тоқталды. Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балаларына көмек беру туралы толық ақпарат берді.
2. Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары А.Дайырова сөз алды. Мектеп оқушылары түрлі спорттық, өнер, зияткерлік сайыстарға қатысады. Мектеп абыройын қорғап жүрген оқушыларға демеушілер арқылы көмек беруді ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірді.

### Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесі құрамы тағайындалсын, жоспары бекітілсін. Материалдық көмекке мұқтаж балаларға көмек берілуі қадағалансын.
2. Оқушылардың түрлі сайысқа қатысуына демеушілік жасау ұйымдастырылсын.

Кеңес төрағасы:



Макашев Ж.

Хатшы:



Мажекова А. М